

*Н. Секербай, 3-курс  
Ғылыми жетекшісі: Р. М. Айтжанова, педагогика ғылымдарының  
кандидаты, доцент  
(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)*

## **ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА РЕТІНДЕ**

Бүгінгі күні жаһандану жағдайында өркениеттіліктің өлшемі, тетігі, құндылығы ретінде шығармашылық сипаттағы білімнің орны үлкен. Оны өлшем ретінде қабылдауымыздың

себебі, кез-келген мемлекеттің рухани да, әлеуметтік-экономикалық дәрежесі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейі мен меңгерген білім, біліктерін шығармашылықпен қолдана алуына байланысты. Себебі әлемдегі ғажайып жаңалықтарды өзі білім, білікті шығармашылық құндылық ретінде бағалаумен, оны ізгі мақсаттарға сәйкес қолданып, жаңаны табумен мүмкін болады.

Осыған сәйкес қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты: білімді, бәсекелестік қабілеті бар, шығармашыл, дербес, ізденімпаз, өзін-өзі дамыта алатын, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Біздің көтеріп отырған проблемамызда осы мақсатты көздейді. Ол үшін ең алдымен тұлға, индивид, субъект ұғымдарына берілген анықтамаларды түсініп, мазмұнына үңілуіміз қажет.

Тұлға теориясының даму тарихында оның түсінік пен ұғымдық анықтамаларының талданылуы тұлғаның құрылымы, тұлғаның қозғалмалылығы, тұлғаның іс-әрекеті сияқты түсініктерді ашып көрсетеді. Адам тұлғасының көп қырлылығы, бәрінен бұрын адамның басқа биологиялық тірліктен негізгі айырмашылығы оның сана-сезімі мен ойлау қабілеті арқылы ерекшеленеді. Санасы мен ойлау қабілеті тұлғаның әлеуметтік бастауын анықтайды<sup>1</sup>.

Психология ғылымында индивид — адам затының жеке өкілеті, биологиялық тұрмыс тұлғасы. Индивидтің психикалық іс-әрекеті биологиялық деңгейде өтетін болса, тұрмысты қабылдауы мен өмір сүру тәсілі есту, көру, сезумен шектеледі. Оған жүктелген міндет — берілген ұрпақты жалғастыру және көбейту рөлін арттыру. Индивидті басқалардан айыратын сипат ерекшелігі, есту, көру негізінде алынған түсінік пен өз бойында «бірегейлік» негізін анықтайтын ерекшеліктердің болуында<sup>2</sup>.

«Индивид» (лат. *Individuum*) — жекелей табиғат иесі. *Homo sapiens* түрінің өкілі филогенездік және онтогенездік дамудың, туа біткен және жүре біткеннің біртұтастығының өнімі, тән сипатты даралық белгілерінің иесі ретіндегі адам. «Индивид» адамзат қауымдастығының жеке бір өкілі, табиғи шектелу шеңберінен асып шыққан, құралдарды, белгілерді пайдаланатын және осылар арқылы өзінің мінез-құлқы мен психикалық процестерді меңгеретін әлеуметтік тіршілік иесі<sup>3</sup>.

Екі мағынаның екеуі де өзара байланысты және адамды оның жекелігі мен оқшаулығы аспектісінде сипаттайды. Индивидтің неғұрлым жалпы сипаттамалары психофизиологиялық ұйымдасуының тұтастығы, қоршаған ортамен өзара әрекеттестіктегі, орнықты тұрақтылығы, белсенділігі. Ал тұтастық белгісі индивидтің өмірлік қатынастарын жүзеге асыратын сан алуан функциялар мен механизмдер арасындағы байланыстардың жүйелі сипатын көрсетеді. Тұрақтылық индивидтің шындық болмысқа деген негізгі қатынастарының сақталуын анықтайды. Индивидтің белсенділігі оның өзін өзгертуге қабілеттілігін қамтамасыз ете отырып, жағдаятқа тәуелділік пен оның тікелей әсерлерін меңгеруді диалектикалық тұрғыда ұштастырады.

Тұлға теориясының даму тарихында оның түсінік пен ұғымдық анықтамаларының талданылуы тұлғаның құрылымы, тұлғаның қозғалмалылығы, тұлғаның іс-әрекеті сияқты түсініктерді ашып көрсетеді. Адам тұлғасының көп қырлылығы, бәрінен бұрын адамның басқа биологиялық тірліктен негізгі айырмашылығы оның сана-сезімі мен ойлау қабілеті арқылы ерекшеленеді. Санасы мен ойлау қабілеті тұлғаның әлеуметтік бастауын анықтайды<sup>4</sup>.

Адам мәселесі, оның ішінде шығу тегі, мәні, табиғаттағы орны және қоғамдық өмірдегі мәселелері философияның өзекті тақырыптарының бірі болып табылады. Философия пайда болғаннан қазіргі уақытқа дейін адам оның басты назарында болып, ал бүгінгі күндері адам әрекетінің әртүрлі қырларын зерттеуді негізгі мақсат тұтатын өзге де ғылыми салалар пайда болды.

Психология ғылымында жеке тұлғаның құрылымы мен қалыптасуы жөнінде бірнеше теориялар бар. Солардың ішінде ең қомақтысы З. Фрейдтің (1856-1939) психанализ (жан талдауы) деп аталатын қисындары. Ғалым адамның еркінен тыс үнемі психикалық қақтығыстар жасап отыратын күш бар, соның нәтижесінде сана мен бейсана арасында тартыс туып отырады дейді<sup>5</sup>.

Демек, жеке тұлға — өзіндік көзқарастар, құндылықтар тұғыры жүйесінен, мәдениет сызбасының тарихи қалыптасқан және үнемі даму үстіндегі өзіндік ойлау қабілетінің нысаны мен мазмұнынан құралатын, қоғамның үздіксіз даму процесіндегі ішкі маңызды мүшесі.

Демек, субъект ең әуелі азат кісі, азамат. Аталмыш феноменді жүйелі зерттеу ой мен сөз, іс-әрекет бостандығы жағдайында ғана мүмкін болмақ. Бұл осы проблемаға (мәселеге) зерттеушілердің баса назар аударуының негізгі себебі ретінде көрсетіледі. Таза философиялық анықтамада субъект - адам дамуының жоғары деңгейі, оның жетілуі. Сондықтан, бұл ұғымның философиялық мағынасы жекелеген ғылым контексінде нақтылануы керек.

<sup>1</sup> Жарықбаев Қ, Құдиярова А. Жантану пәнін орта мектептерде оқытудың мәселелері. — Алматы, 2004. — 14-15-б.

<sup>2</sup> Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздіп. Педагогика және психология. — Алматы, 2002. — 102 б.

<sup>3</sup> Выготский Л.С. Педагогическая психология. — М., 1991. — С. 46.

<sup>4</sup> Фрейд З. Введение в психоанализ: Лекции / Под ред. М. Г. Ярошевского. — М., 1989. — С. 455.

<sup>5</sup> Там же.